

МРНТИ: 06.73.07

JEL Classification: C89, M14, Q5

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-4-205-222>

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС ЕСЕПТІЛІККЕ ЖӘНЕ ESG ТӘЖІРИБЕЛЕРІНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР: БИБЛИОМЕТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫ ТАЛДАУ

К. О. Мазбаева^{1*}, М. Р. Арипова¹, Ж. Г. Токбергенова¹

¹ Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты. Бұл зерттеу дамушы елдердегі ESG қағидаттарын енгізу тәжірибесін талдау, қаржылық емес ақпараттың корпоративтік есептіліктегі рөлі мен инвестициялық тартымдылығын зерделеу болып табылады. ESG қағидаттары компаниялардың экономикалық тиімділігімен қатар, олардың қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі мен экологиялық қауіпсіздікке қосқан үлесін де бағалауға мүмкіндік береді. ESG талаптары қазіргі таңда компаниялар үшін халықаралық стандарттарға сай ашықтықты қамтамасыз ету мен тұрақты даму мақсаттарына жетудің маңызды тетігіне айналууда. Сол себепті, бұл зерттеу Қазақстандық жария ұйымдардың қаржылық емес ақпараттарды ұсынуды қолға алу үшін бағытталған.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеу мазмұндық және салыстырмалы талдауға негізделді. Мазмұндық талдауда библиометриялық әдістер қолданылып, VOSviewer бағдарламасы арқылы кілт сөздер, авторлар мен басылымдар арасындағы байланыстар визуализацияланды. Бұл жарияланым белсенділігінің тенденцияларын анықтауға, тақырыптық кластерлерді бөлуге және дамушы елдер контекстінде ESG тәжірибелері мен қаржылық емес есептілікті зерттеуге үлес қосқан авторларды айқындауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ Kazakhstan Petrochemical Industries, Jusan Bank, ҚазМұнайГаз, Қазақстан Даму Банкі және Eurasian Resources Group компанияларының қаржылық емес есептілігі талданды.

Зерттеу бірегейлігі/құндылығы. ESG қағидаттарының дамушы елдердегі компаниялардың қаржылық тұрақтылығына, инвестициялық тартымдылығына және беделіне әсерін кешенді түрде бағалау арқылы ғылыми база толықтырылды. Бұл зерттеу Қазақстандық ұйымдар басшылығын өздерінің корпоративтік есеп берулерінде ESG талаптарын орындауға назар аудару үшін үшін ғылыми басылымдарды кластерлер бойынша жүйелеуге үлес қосады.

Зерттеу нәтижелері. ESG принциптерін енгізу компаниялардың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықаралық әріптестік орнатуға және бедел тәуекелін азайтуға мүмкіндік беретіні анықталды. Зерттеу нәтижелері ESG қағидаттарының дамушы елдердегі әлеуметтік-экономикалық даму үшін қаржылық емес ақпараттың маңызын айқындай отырып, компанияларға қолайлы стратегияларды әзірлеуге негіз бола алады.

Түйін сөздер: ESG, қаржылық емес есептілік, тұрақты даму, инвестициялық тартымдылық, корпоративтік басқару.

КІРІСПЕ

XXI ғасырдың басынан бастап бизнес пен қоғам арасындағы қатынастар түбегейлі өзгеріске ұшырады. Қазіргі жаһандану жағдайында бизнестің тұрақты дамуына, оның әлеуметтік жауапкершілігіне ерекше мән беріліп, компаниялардың тек экономикалық емес, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) көрсеткіштері де ықпал етеді. Бұл көрсеткіштер қаржылық емес ақпарат ретінде корпоративтік есептіліктің маңызды бөлігіне айналып, мүдделі тараптардың шешім қабылдауына әсер ете алады. Соңғы кездері қаржылық емес есептіліктің маңыздылығының артуы, компания жылдық есебіне ESG принциптерін енгізудің жаһандық үрдісі және дамушы елдерде бұл құбылыстың жеткіліксіз зерттелуі байқалады. Әсіресе, дамушы нарықтарда ESG есептілігінің рөлі мен маңызы жеткілікті дең-

гейде зерттелмеген, бұл осы тақырыптың ғылыми, әрі практикалық маңыздылығын арттыра түседі. Есептілікке ESG қағидаттарын дұрыс енгізу компанияларға дамыған елдерден инвестиция тартуға, ұйымдардың беделін арттыруға, сенімділікті нығайтуға және ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қаржылық емес ақпарат - бұл компанияның әлеуметтік ортаға және басқарушылық құрылымына қатысты мәліметтері. Ол компанияның нарықтық стратегиясының, ішкі мәдениетінің, экологиялық жауапкершілігінің және әлеуметтік этикалық ұстанымдарының көрінісі ретінде қарастырылады. Мұндай ақпараттар Global Reporting Initiative (бұдан әрі GRI) Sustainability Accounting Standards Board (бұдан әрі SASB), Task Force on Climate-related Financial Disclosures (бұдан әрі TCFD) сияқты халықаралық стандарттар негізінде құрылып, корпоративтік есептілікте міндетті түрде немесе ерікті түрде ашылуы мүмкін [1-3]. Алайда, дамушы елдерде бұл жүйелер әлі толық қалыптаспаған.

Әдетте ESG қағидаттары үш негізгі бағытты қамтиды:

1. Экологиялық (Environmental) - компанияның қоршаған ортаға әсері, климаттың өзгеруіне бейімделу, парниктік газдар шығарындыларын азайту, қалдықтарды басқару және энергия тиімділігін арттыру.

2. Әлеуметтік (Social) - қызметкерлердің құқықтарын сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамаусыз ету, тұтынушылармен қарым-қатынас, жергілікті қоғамдастыққа ықпал.

3. Басқарушылық (Governance) - корпоративтік басқару құрылымы, директорлар кеңесінің тәуелсіздігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, акционерлердің құқықтарын қорғау [4].

Дамыған елдерде ESG көрсеткіштері заңнамалық талаптар деңгейінде бекітіліп, компаниялардың есептілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Мысалы, M. S. Khamisu, V. Sonwaney және R.A. Paluri (2024) мәлімдегеніндей, Еуропалық Одақта 2014/95/EU Директивасы негізінде ірі компаниялар қаржылық емес ақпаратты міндетті түрде жариялайды [5]. Алайда дамушы елдерде мұндай стандарттар енді ғана қалыптасып келеді. Қазақстанда ESG есептілігі негізінен ерікті сипатта жүргізіледі, бұл оның сапасы мен сенімділігіне әсер етеді.

Зерттеу алшақтығы - ESG қағидаттарының дамушы елдердегі компаниялардың қызметіне нақты әсерін бағалайтын сапалы эмпирикалық зерттеулердің тапшылығында. Қазіргі қолда бар зерттеулер көбінесе дамыған елдер контекстінде жасалған, ал институционалдық, экономикалық және мәдени ерекшеліктері бар дамушы елдерге бейімделген ғылыми жұмыстар жеткіліксіз. Осы себепті ESG есептілігінің дамушы нарықтарға бейімделуі және оның компаниялардың қаржылық тұрақтылығына, беделіне және әлеуметтік жауапкершілік деңгейіне әсері терең зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу мақсаты - дамушы елдерде ESG тәжірибесінің дамуын бағалау, қаржылық емес ақпараттың мәнін анықтау және осы бағытта шетелдік тәжірибені салыстыра отырып тиімді ұсыныстар ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- ESG және қаржылық емес есептілік тақырыбына арналған ғылыми жарияланымдарды жинау және жүйелеу;

- Тақырыптық кластерлер мен зерттеу бағыттарын бөліп көрсету;

- Негізгі ұғымдарды, авторларды және ғылыми бағыттарды бөліп көрсете отырып, ғылыми білім құрылымын визуализациялау үшін VOSviewer бағдарламалық құралын пайдаланып библиометриялық талдау жүргізу.

Жүйеленген мәліметтер мен зерттелген көрсеткіштер ESG қағидаттарын компаниялардың стратегиялық даму жоспарларын тиімді жүргізуге жол ашады. Қаржылық емес есептілік стандарттарын жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Зерттеу саясаткерлер, реттеуші органдар және бизнес өкілдері үшін шешім қабылдау үдерісін ғылыми тұрғыдан қолдауға септігін тигізеді.

Әдеби шолу. Бұған дейін жүргізілген зерттеулер компаниялардың жылдық есептілігінде ESG бойынша ақпараттарды ашық жариялауы олардың қаржылық тұрақтылығын арттырып, инвестициялық тартымдылығын және корпоративтік беделін едәуір жақсартатынын көрсеткен.

ESG қағидаттарын жүйелі түрде енгізу компаниялардың қаржылық тұрақтылығын арттырады. Бұл халықаралық тәжірибелермен расталады: MSCI мен Bloomberg жүргізген зерттеулер, ESG көрсеткіштері жоғары компаниялардың нарықтағы ауытқуларға анағұрлым төзімді екенін көрсеткен. ESG саясатын белсенді түрде енгізген компаниялардың бедел тәуекелі мен операциялық шығындары төмен болғаны байқалды [6].

М. S. Khamisu, V. Sonwaney және R.A. Paluri (2024) ESG көрсеткіштері қазіргі кезде компаниялар мен мемлекеттердің тұрақты даму стратегияларының маңызды бөлігіне айналғанын атап өтеді. ESG қағидаттарын жүзеге асыру корпоративтік деңгеймен қатар, елдердің экономикалық тұрақтылығына және бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді деп атап өткен [5].

ESG тәжірибесі инвестициялық тартымдылықты арттырады. Christensen D. M., Serafeim G., Sikochi A (2022) секілді зерттеушілер ESG көрсеткіштерінің компанияның қаржылық нәтижесіне әсерін зерттеген. Олар әр саланың өзіне тән ESG факторларын айқындап, осы бағыттарға назар аударған компаниялардың инвестициялық табыстылық деңгейінің жоғары болатынын дәлелдеген. Нақтырақ айтқанда, өз саласына сай маңызды ESG мәселелерін ескерген компаниялардың акциялары жылына орта есеппен 4,8% артық табыс әкелген. Осы зерттеушілердің зерттеу нәтижесі ESG-дің тиімділігі оның тек бар болуына емес, нақты әрі маңызды мәселелерге бағытталуына байланысты екенін көрсетеді [7].

ESG ақпаратының ашықтығы бойынша жүйелі әдеби шолу барысында М. S. Khamisu, V. Sonwaney және R.A. Paluri (2024) ESG disclosure (ESG ақпаратын жариялау) саласында негізгі алғышарттар мен нәтижелерді анықтады. ESG ақпаратын ашу компаниялардың тұрақтылық бойынша міндеттемелерін жариялап қана қоймай, сонымен бірге олардың қаржылық нәтижелеріне, нарықтық көрсеткіштеріне және экологиялық тиімділігіне тікелей әсер етеді. Авторлардың зерттеуінше, ESG ақпаратын ашудың негізгі алғышарттарына тұрақты даму бойынша есеп беру жүйелері (GRI, SASB сияқты халықаралық стандарттар), міндетті нормативтік талаптар және корпоративтік басқару элементтеріне жатады [5]. N. Darnall, H. Ji, K. Iwata, T. H. Arimura (2022) көрсеткендей, ESG бойынша есеп беру стандарттарын қолдану компаниялардың есептілігін және ақпараттың салыстырмалылығын арттырады [8]. H. B. Christensen, L. Nail, C. Leuz зерттеулері бойынша, міндетті түрде ақпарат ашуды талап ететін нормативтік-құқықтық актілер компаниялардың ашықтығын арттырып, ақпараттық асимметрияны төмендетуге ықпал етеді [9]. M. Arayssi, M. Jizi, H. H. Tabaja және B. W. Husted, J. M. de Sousa-Filho зерттеулері корпоративтік басқарудың маңыздылығын, директорлар кеңесінің тәуелсіздігі мен гендерлік әртүрліліктің ESG жариялау деңгейіне оң әсерін көрсетті [10-11].

ESG ақпаратын ашудың нәтижелері компания қызметінің әртүрлі салаларына әсер етеді. S. Li, S. Sen, H. L. Han (2024) зерттеуінде ESG ақпаратын сапалы ашу қаржылық көрсеткіштерді (ROA, ROE) жақсартып, тәуекелдерді төмендетіп және компания беделін арттыратынын көрсетілген [12]. D. C. Broadstock, K. Chan, L. T. Cheng, X. Wang ESG ақпаратының ашықтығы экологиялық нәтижелерді, әсіресе CO₂ шығарылымын азайту мен ресурстарды тиімді пайдалануды жақсартатынын анықтаған [13].

Сонымен қатар, қазақстандық зерттеушілер де ESG тақырыбына қатысты құнды ғылыми нәтижелер ұсынуда. Мысалы, Исатаева Г. Б., Сейтбекова С. Т. және Сейтова В. Н. еңбегінде тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстан экономикасына әсері қарастырылды. Инвестиция негізі шикізат секторында шоғырлануы елдің тұрақты дамуына қауіп төндіретіні және экономиканы әртараптандыру қажеттігі атап өтілді [14]. Адамбекова Ж. А., Адамбеков Н. Т. және Аманкелды Н. А. зерттеулерінде әлеуметтік жауапкершілік жобаларының еңбек ресурстарын дамытуға оң ықпал ететіні көрсетіліп, корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің (CSR) аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызы дәлелденді [15]. Оразалин Н., Қожахметова А. және Абдрашова К. халықаралық деректерді талдау арқылы ESG тәжірибелерінің компаниялардың қаржылық тұрақтылығын арттырып, тәуекелдерді төмендететініне назар аударды [16]. Бұған қоса, Азат С., Джумадильдаев А. және Қобдикова Ш. еңбектерінде «экофорсайт» тәсілінің жасыл экономиканы дамытудағы рөлі ашып көрсетілсе [17], Зарубина В. Р., Зарубин М. Ю., Есенқұлова Ж. Ж., Притула Р. А. шағын және орта бизнестің ESG қағидаттарын енгізуінің қажеттігін негіздеп, мемлекеттік қолдау мен салықтық ынталандырудың маңызын айқындады [18]. Ал Абдурахман З. А., Нурмагамбетова А. З., Биктеубаба А. С. зерттеулері банк секторының ESG-бағалау жүйелерін салыстырып, жоғары рейтингтің қаржылық және репутациялық тәуекелдерді төмендетінін көрсетті [19].

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу авторлардың бірлескен ғылыми ізденісі негізінде жүргізілді. Ақпараттық дереккөздерді таңдауда біз жоғары сапалы және сенімді халықаралық және отандық ғылы-

ми платформаларға сүйендік. Негізгі деректер базалары ретінде Web of Science, PubMed халықаралық ғылыми дерекқорлары және Ресейлік Жаңа экономикалық қауымдастық журналы пайдаланылды. Ақпараттық базалармен жұмыс бес кезеңнен тұрды.

Бірінші кезең – дерекқорларға қол жеткізу және бастапқы іздеу. Университеттің электронды кітапханалық ресурстары арқылы авторлар Scopus, PubMed, Web of Science платформаларына кірді. Әр автор өз тарапынан іздеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерді кейінгі талдау үшін жинақтады.

Екінші кезең – іздеу стратегиясын әзірлеу және кілт сөздерді таңдау. Іздеу стратегиясы алдын ала келісілді және мақұлданды. Библиометриялық талдау VOSviewer бағдарламасы арқылы жүргізілді. Деректер PubMed және Web of Science дерекқорларынан алынды. Іздеу үшін «ESG», «non-financial reporting», «Kazakhstan» және «sustainability» кілт сөздері қолданылды. Іріктеу кезеңінде 2015–2024 жылдар аралығындағы 65 ғылыми мақала таңдалды.

Үшінші кезең – іріктеу критерийлерін қолдану және мақалаларды саралау. Іздеу нәтижелерінен біз тек рецензияланған, халықаралық базаларда индекстелген және зерттеу тақырыбына сәйкес мақалаларды таңдадық. Қайталанатын немесе зерттеуге қатысы аз жарияланымдар алынып тасталды. Қайталанатын және зерттеу мәселесіне тікелей қатысы жоқ жарияланымдар алынып тасталды.

Төртінші кезең – бұл Отандық дереккөздерді талдау. Отандық ғылыми пікірлер мен тәжірибелерді ескере отырып, Жаңа экономикалық қауымдастық журналының мақалалары зерттеуге қосылды. Журналдың электрондық архиві арқылы қажетті жарияланымдар анықталып, зерттеу шеңберіне енгізілді.

Бесінші кезең – ақпаратты талдау және жүйелеу. Іріктелген ғылыми жұмыстар контент-талдау әдісі арқылы зерттелді. Авторлар бірлесіп мақалалардың теориялық және эмпирикалық мазмұнын талдап, негізгі ғылыми ұстанымдар мен зерттеу нәтижелерін жүйеледі. Бұл әдіс зерттеу жұмысының ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

2015-2024 жылдар аралығындағы ESG тақырыбында қаржылық емес есептілік пен ESG тәжірибелеріне байланысты әртүрлі ішкі тақырыптар талданды. Бұл тақырыптар Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі тәжірибелерді салыстыруда маңызды рөл атқарады. Ішкі тақырыптардың динамикасын көрсету зерттеу аймағындағы ең өзекті және жиі зерттелген мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Төмендегі диаграмма 1-де ESG және КӨЖ саласына қатысты негізгі ішкі тақырыптардың даму жиілігі бейнеленген.



Диаграмма 1 – КӨЖ және ESG зерттеу жұмысында зерттелген ішкі тақырыптар

Диаграммада ішкі тақырыптардың зерттелу деңгейі әртүрлі. Мысалы, экология мен компания талдау тақырыбы жоғары қарқынмен зерттелсе, әлеуметтік жауапкершілік пен саясатқа қатысты тақырыптар салыстырмалы түрде аз қарастырылған. Бұл нәтиже ESG тәжірибелерінің қай бағыттары зерттеушілер назарында көбірек екендігін және болашақта қай салаларды тереңірек қарастыру қажеттігін айқындайды. Сонымен қатар, зерттеу құрылымын нақтылап, негізгі басымдықтарды анықтауға көмектеседі. Библиометриялық талдау нәтижелері ESG тақырыбы бойынша болашақта қандай бағыттарға назар аудару қажет екенін анықтауға көмектеседі.

ESG стандарттарын енгізу арқылы мемлекеттер экологиялық қауіптерді азайтып, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етіп, басқарушылық тиімділікті арттыра алады деген ойдамыз. Бұл зерттеуде түрлі елдердің ESG көрсеткіштері мен экономикалық даму деңгейлері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың арасындағы өзара байланыс пен даму үрдістері талдауды шештік. 1- кестедегі талдау негізінде ESG саясатының жаһандық тәжірибедегі орны, сондай-ақ оның ұлттық деңгейдегі экономикалық тұрақтылыққа және даму стратегияларына әсері қарастырылады.

Кесте 1 – Елдер бойынша ESG және экономикалық көрсеткіштердің салыстырмалы талдауы

Елдер	ЖІӨ көлемі (трлн \$)	ESG индексі	ESG саясаты	Климаттық тәуекелдер-ге қарсы шаралар	Әлеуметтік саясат	Басқару сапасы	Инвестициялық тартымдылық	Экологиялық көрсеткіш-тер
АҚШ	26.9	85	Орта-ша (ерікті)	Жоғары	Жоғары	Орта-ша	Жоғары	Орташа
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Қытай	17.5	70	Орта-ша	Орташа	Орташа	Орта-ша	Орташа	Төмен
Үндістан	3.7	65	Төмен	Төмен	Орташа	Төмен	Орташа	Төмен
Ресей	1.9	60	Төмен	Төмен	Орташа	Төмен	Төмен	Төмен
Жапония	4.2	76	Орта-ша	Орташа	Орташа	Орта-ша	Орташа	Орташа
Канада	2.2	80	Жоға-ры	Жоғары	Жоғары	Жоға-ры	Жоғары	Жоғары
Франция	3.1	78	Жоға-ры	Орташа	Жоғары	Орта-ша	Орташа	Орташа-жоғары
Испания	1.5	75	Жоға-ры	Орташа	Орташа-жоғары	Орта-ша	Орташа	Орташа
Австралия	1.7	79	Жоға-ры	Жоғары	Орташа	Жоға-ры	Жоғары	Жоғары
Оңтүстік Америка (жалпы)	~3.5	60–70	Төмен–орташа	Төмен	Орташа	Төмен–орташа	Орташа	Төмен–орташа

Ескерту - Авторлармен [MSCI ESG, Refinitiv ESG рейтингтері, Латын Америкасына арналған ESG regional reports (ECLAC, LatinFinance)] ақпарат көздері бойынша құрастырылған [6].

1-кестедегі талдау көрсеткендей, ЖІӨ жоғары елдер (АҚШ, Канада, Франция, Жапония) ESG индексі бойынша да алда тұр. Бұл олардың тұрақты даму саясатына үлкен көңіл бөлетінін дәлелдейді. Ал дамушы елдер (Үндістан, Ресей, Латын Америкасы) ESG көрсеткіштерінде төмен нәтиже көрсетіп отыр, бұл олардың саяси, экологиялық және әлеуметтік реформаларға мұқият назар аударуы қажеттігін көрсетеді. ESG көрсеткіштері инвестициялық тартымдылыққа, экологиялық қауіпсіздікке, әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер ететін маңызды құрал болып табылады. Төменде ұсынылған 2-кестеде ESG ақпаратын жариялаудың негізгі алғышарттары мен нәтижелері жүйелендіріліп берілген.

Кесте 2 – ESG ақпаратын ашудың негізгі алғышарттары мен нәтижелері

Категория	Фактор/ Нәтиже	Стандарттар, заңнамалық актілер	Бизнестегі ықпалы
1	2	3	4
Antecedents (Фактор)	Тұрақты даму бойынша есептілік жүйелері (Sustainability Reporting Frameworks)	ESG деректерін ашуда қолда-нылатын халық-аралық стандарттар (GRI, SASB, IIRC және басқалары).	Инвесторлардың сенімін арттырады, компаниялар арасындағы салыстыру-ды жеңілдетеді, есепті-ліктің толықтығын арт-тырады.
	Міндетті нормативтік талаптар (Mandatory Disclosure Regulations)	EO CSRD (Corporate Sustainability Reporting Directive), GRI Standards	Ашықтықты арттырады, санкциялардың алдын алады, кор-поративтік беделді күшейтеді.
	Корпоративтік басқару (Corporate Governance)	Компанияның бас-қару құрылымы: директорлар кеңе-сінің тәуел-сіздігі, гендерлік әртүрлі-лік, кеңес құрамы.	ESG тәжірибелерін компанияның стратегия-сына тиімді енгізуге ықпал етеді, тұрақтылық пен тиімділікті арттырады.
Outcomes (Нәтиже)	Компанияның қаржылық нәтижелері (Firm Performance)	ESG ашықтығы компанияның қыз-мет нәтижелерін жақсартады немесе әлсіретеді.	ROA, ROE көрсет-кіштерін жақсартады, капитал құнын төменде-теді, инвестициялық тартым-дылықты арттырады.
	Нарықтық қайтарымдылық (Market Returns)	ESG ақпаратына нарықтың және инвесторлардың реакциясы	Акция бағасын өсіреді, нарықтық тұрақсыздық-ты азайтады, инвес-торлардың сенімін арт-тырады
	Экологиялық тиімділік (Environmental Performance)	ESG ашықтығының экологиялық аспектілерге әсері.	Парниктік газдардың шығарылуын азайтады, ресурстарды тиімді пай-даланады, экологиялық стандарттарға сәйкестікті жақсартады.
Ескерту – [5] әдебиет көзі негізінде авторлар тарапынан құрастырылды.			

Бұл 2-кесте зерттеушілерге ESG disclosure саласындағы өзара байланыстарды түсінуге және бола-шақ зерттеулерде қолдануға көмектеседі. Жүргізілген жүйелі әдеби шолу нәтижесінде ESG ақпаратын ашуға қатысты негізгі тенденциялар мен ғылыми зерттеулердің даму бағыты айқындалды. Авторлар ESG ашықтығын зерттейтін мақалаларды жан-жақты талдай отырып, ESG ақпаратын ашуға ықпал ететін негізгі факторларды және оның компания қызметіне әсерін анықтады. Зерттеу көрсеткендей, ESG ақпаратын ашу компания үшін стратегиялық артықшылыққа ие бола алады. Ол ұйымның тұрақ-ты дамуға деген міндеттемелерін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар, компанияның қаржылық тұ-рақтылығын арттыруға, нарықтағы орнын нығайтуға және экологиялық жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

ESG рейтингтері мен акция кірістілігіне қатысты талдау. Бұл 3-кесте P. Krueger, R. Alves, M. A. van Dijk "Drawing up the bill: Are ESG ratings related to stock returns around the world?" атты мақала негізінде құрастырылды [20]. Авторлар 2001 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде 48 елдің 16 368 компаниясын қамтитын кең көлемді деректер базасын пайдаланып, ESG рейтингтері мен акциялардың кірістілігі арасындағы байланысты талдады. Зерттеуде іріктеменің географиялық құрылымына ерекше назар ау-дарылды, өйткені ESG факторлары әртүрлі аймақтарда әркелкі әсер етуі мүмкін.

Төмендегі 3-кестеде зерттеу деректері бойынша компаниялардың аймақтық бөлінісі көрсетілген.

Кесте 3 – Компаниялардың аймақтық бөлінісі (2001-2020): ESG зерттеу іріктемесінің құрылымы

Аймақ	Іріктемедегі компаниялардың үлесі (%)	Пікір / Ерекшеліктері
Солтүстік Америка	34%	Іріктемеде ең үлкен үлеске ие. ESG реттеу мен ақпаратты ашу деңгейі жоғары дамыған нарық.
Дамушы елдер	32%	Компаниялардың елеулі үлесі, ESG стандарттары қалыптасып жатқан, ашықтығы төмен нарықтарды зерттеуге мүмкіндік береді.
Еуропа	16%	ESG және ашықтық стандарттары қатаң аймақ, тұрақты инвестициялаудың дамыған тәжірибесі бар.
Жапония	9%	Корпоративтік басқару мен ұзақ мерзімді орнықтылыққа басымдық беретін ерекше нарық.
Азия-Тынық мұхиты аймағы	9%	ESG стандарттарының даму деңгейі әртүрлі елдерді қамтитын аймақтық ерекшеліктер.
Ескерту – [20] әдебиет көзі негізінде авторлармен құрастырылды.		

Бұл таңдау зерттеу нәтижелерінің жаһандық деңгейде жан-жақты болуын қамтамасыз етеді және әртүрлі экономикалық даму деңгейі мен ESG стандарттарының енгізілу ерекшеліктерін ескере отырып, талдау жүргізуге мүмкіндік береді. 3-кестеде көрсетілгендей, ESG рейтингтері мен акциялардың кірістілігіне арналған зерттеуде компаниялардың ең көп үлесі Солтүстік Америкаға (34%) және дамушы елдерге (32%) тиесілі. Бұл аймақтардағы компаниялардың басымдығы ESG саясаты мен инвестициялық тәжірибелердің алуан түрлілігін көрсетеді. Еуропа (16%) және Азия-Тынық мұхиты аймағы (9%) да маңызды үлеске ие болып отыр, себебі бұл аймақтарда ESG стандарттары кеңінен енгізіліп жатыр. Жапонияның (9%) жеке нарық ретіндегі ерекшелігі корпоративтік басқару мен тұрақты даму қағидаттарына баса назар аударуымен түсіндіріледі [20].

ESG қағидаттары бойынша Ресей, АҚШ және Франция елдерінің салыстырмалы талдауы Я.Ю. Цодикова мен П.Ю. Чеботаревтың «Жаңа экономикалық қауымдастық» журналының №1 (66), 2025 жылғы шығарылымында жарияланған зерттеуінде қоғамның әлеуметтік динамикасы, элиталардың рөлі және дағдарыс жағдайларында кооперация механизмдері қарастырылды [21]. Авторлар ViSE моделін қолдана отырып, қоғамның тұрақтылығына әсер ететін негізгі факторларды анықтады, оның ішінде просоциальды мінез-құлық пен жауапты элитаның маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Осы зерттеу негізінде ESG қағидаттарын (Экологиялық, Әлеуметтік және Басқару) үш елдің - Ресей, АҚШ және Францияның даму стратегияларына сәйкестендіріп, салыстырмалы талдау жасалды, бұл 4-кестеде беріледі.

4-кестені талдау барысында елдердің сыртқы экономикалық қысым жағдайындағы тұрақты даму тәсілдері мен басқару тәжірибелері қарастырылды. Бұл салыстырмалы талдау ESG қағидаттарын негізге ала отырып, Ресей, АҚШ және Францияның дағдарыс жағдайларына берген жауаптарын, қоғам мен элиталардың өзара әрекетін және басқару үлгілерін көрсетеді. Ресей жағдайында ESG элементтері дағдарысқа бейімделу құралы ретінде қолданылып отыр. Экологиялық бағыт екінші орынға ысырылғанымен, әлеуметтік тұрақтылықты нығайту және мемлекеттің басқарушы рөлін арттыру басты басымдыққа айналды.

«Жауапты элита» моделі арқылы қоғамның бірлігін сақтау көзделген. АҚШ ESG принциптерін бизнес деңгейінде қарқынды енгізуде, әсіресе экология саласында. Жеке бастамалар мен корпоративтік жауапкершілік басты рөлде.

Кесте 4 – ESG қағидаттары негізінде Ресей, АҚШ және Франция елдерінің даму стратегияларының салыстырмалы талдауы

Критерий	Ресей	АҚШ	Франция
Е - Экологиялық (Қоршаған орта)	Импорт алмастыру саясаты жасыл трансформацияны баяулатады; басымдық – энергетикалық қауіпсіздік пен жергілікті өндіріс.	Жасыл энергетика мен технологияларға (күн, сутек) инвестициялар; ESG көрсеткіштері мемлекеттік және корпоративтік стратегияларда ескеріледі.	ESG күн тәртібі басымдыққа ие, энергетикалық дағдарыстан кейін экологиялық трансформация стратегиялық мақсат ретінде айқындалды.
S - Әлеуметтік (Әлеуметтік жауапкершілік)	Әлеуметтік тұрақтылық пен кооперацияны дамыту; просоциальды мінез-құлықты қолдау.	Жеке бастың мәдениеті басым, бірақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жақсы дамыған.	Әлеуметтік инфрақұрылым дамыған; мемлекет пен азаматтық қоғам белсенді қатысады.
G - Басқару (Басқару және корпоративтік басқару)	Мемлекет пен бизнестің үйлестіру рөлі артуда; санкциялар жағдайында жаңа басқару коалициялары құрылуда.	Дамыған корпоративтік басқару; акционерлер мен мүдделі тараптардың мүдделерін қорғау, жеке сектордың белсенді қатысуы.	Мемлекеттік реттеу жоғары; корпоративтік басқару ашық, кәсіподақтармен және ҰЕҰ-мен ынтымақтастық маңызды.
Ескерту – [21] әдебиет көзі бойынша авторлармен құрастырылды.			

Басқарудағы икемділік пен жеке сектордың белсенділігі елдің жаһандық деңгейде тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Франция ESG қағидаттарын ұлттық стратегияның ажырамас бөлігі ретінде қарайды. Экологиялық трансформация мен әлеуметтік әділеттілікке басымдық беріледі. Мемлекеттік реттеу мен азаматтық қоғамның белсенді қатысуы арқылы Франция тұрақты даму мақсатына ұмтылуда. Жалпы алғанда, бұл үш елдің тәжірибесі ESG қағидаттарын әртүрлі тәсілдермен қолдану арқылы экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізуге болатынын көрсетеді. Әрқайсысы өз ерекшеліктеріне сәйкес дағдарысқа қарсы жеке стратегияны таңдады, бірақ ортақ мақсат - тұрақты, инклюзивті және жауапты даму.

VOSviewer бағдарламасындағы визуализация негізінде ESG зерттеулерінің негізгі бағыттарын талдау ESG және дамушы елдердегі қаржылық емес ақпараттың рөлі мәселелері бойынша қазіргі ғылыми басылымдардың тақырыптық құрылымын анықтау үшін VOSviewer бағдарламасында кілт сөздердің бірге кездесуі (co-occurrence) бойынша карта жасалды. Бұл карта әртүрлі зерттеу бағыттарының өзара байланысын көрсетіп, негізгі үш кластерді айқындауға мүмкіндік береді.


Картада ең ірі түйін ретінде “ESG” (Environmental, Social, Governance) термині орналасқан. Ол келесі ұғымдармен тығыз байланыста көрінеді: sustainable development (тұрақты даму), ESG performance (ESG көрсеткіштері), corporate social responsibility (корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік), disclosure (ақпаратты ашу), environment (қоршаған орта).

Бұл байланыстар компаниялардың тұрақты дамуы, қаржылық емес ақпаратты ашуы, әлеуметтік жауапкершілік пен экологиялық факторлардың басқаруға әсері тақырыптарының бірігуін білдіреді. Айрықша атап өту керек, «disclosure» ұғымы тұрақтылық, басқару және әлеуметтік жауапкершілік кластерлерін байланыстыратын орталық буын болып табылады.

Экологиялық өлшемге арналған кластер келесі терминдерді қамтиды: climate change (климаттың өзгеруі), carbon (көміртек), green finance (жасыл қаржы), sustainable finance (тұрақты қаржы), biodiversity (биоалуантүрлілік), conservation of natural resources (табиғи ресурстарды сақтау), environmental pollution (экологиялық ластану). Бұл топ экологиялық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді корпоративтік стратегияға енгізу, компаниялардың қоршаған ортаға әсерін бағалау және дамушы елдерде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелеріне ғылыми назар аударылғанын көрсетеді.

Екінші ірі кластер әлеуметтік және институционалдық контексті бейнелейді, оған кіреді: organizations (ұйымдар), governance (басқару), policy (саясат), politics (саяси орта), government (мемлекет), social responsibility (әлеуметтік жауапкершілік). Бұл топ дамушы елдердегі мемлекеттік институттардың рөлі, реттеуші механизмдер және бизнес-қоғамдық өзара әрекет мәселелеріне көңіл бөлінгенін

көрсетеді. Мемлекеттің ESG-принциптерін енгізудегі қатысуы жеке сектордың даму деңгейіне және заңнамалық қолдаудың қажеттігіне тікелей байланысты.



Сурет 1 – ESG және негізгі байланысты ұғымдар

Ескерту – PubMed дерекқоры негізінде VOSviewer бағдарламасы арқылы құрастырылған

Үшінші кластерде технологиялық және инновациялық үрдістер бейнеленген: digital transformation (цифрлық трансформация), technology (технологиялар), green innovation (жасыл инновациялар), inventions (жаңалықтар). Бұл бағыт ESG талаптарын орындау үшін өнеркәсіптік секторларда технологиялық жаңғырту мен инновациялардың маңыздылығын айқындайды.

Картада жеке кластер ретінде көрінетін терминдер: COVID-19, risk management (тәуекелдерді басқару), uncertainty (белгісіздік), quality of life (өмір сапасы). Бұл топ ғаламдық дағдарыстардың, әсіресе пандемияның ESG тақырыбына және қаржылық емес ақпаратты ашуға әсерін көрсетеді. Дағдарыс жағдайында әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық мәселелері, сондай-ақ тәуекелдерді басқару қабілеті маңыздырақ болатыны айқын көрінеді.

Картадағы түстер уақытша шкаланы бейнелейді: көгілдір мен жасыл реңктер - ертерек, ал сары -соңғы жылдар (2023-2024). Ең жаңа жарияланымдар disclosure, covid-19, sustainability reporting, uncertainty, politics сияқты терминдерге шоғырланған, бұл зерттеушілердің соңғы уақытта ашықтық, тұрақтылық есептілігі мен тәуекелдерді басқару тақырыптарына деген қызығушылығы артып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазіргі таңда экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) факторлары бизнес әлемінде маңызды рөл атқарады. Көптеген зерттеулер ESG стратегияларын енгізудің компаниялардың тұрақтылығын арттыруға және олардың нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарын нығайтуға ықпал ететінін көрсетіп отыр. ESG есептілігі мен стратегиялары компаниялардың тек қаржылық көрсеткіштерін ғана емес, сонымен қатар қоғам алдындағы жауапкершіліктерін, экологиялық әсерін және басқарушылық сапасын да көрсетеді. Бұл кестеде әртүрлі зерттеулердің нәтижелері келтірілген, олар ESG принциптерінің компанияларға қалай әсер ететінін және бұл факторлардың ұйымның дамуындағы орны мен маңыздылығын анықтайды.

Кесте 5 – ESG қағидаттарының компания қызметінің әртүрлі аспектілеріне әсері туралы ғылыми зерттеулердің жүйелендірілген қорытындылары

№	Категория	Авторлар / Жыл	Негізгі қорытындылар
1	ESG және компания тұрақтылығы	Choi et al., Meehan & Corbet, Husted & de Sousa-Filho. [11;22-23]	ESG компанияның тұрақтылығын арттырып, дағдарысқа төзімділігін күшейтеді, бағалардың күрт ауытқуын азайтады.
2	ESG және қаржылық тиімділік	Benlemlih & Bitar [24]	ESG қаржылық нәтижелерді жақсартып, тәуекелдерді төмендетеді және ұзақ мерзімді табыстылықты қамтамасыз етеді.
3	ESG және бедел / сенім	Lokuwaduge & Heenetigala, Bhattacharya & Sen, Alkaraan et al. [25-27]	ESG есептілігі компания беделін арттырып, инвесторлар мен тұтынушылардың сенімін күшейтеді.
4	ESG және заңнамалық / нормативтік талаптар	Christensen et al., Qureshi et al. [28;29]	ESG заңнамалық талаптарды орындауға көмектесіп, ашықтық пен нарықтық артықшылық береді.
5	ESG және экологиялық нәтижелер	Broadstock et al [13]	ESG қоршаған ортаға әсерді төмендетіп, ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етеді.
6	ESG және корпоративтік басқару	Arayssi et al., Nicolò et al., Husted & de Sousa-Filho [11;31]	Басқару құрылымының сапасы, әсіресе гендерлік әртүрлілік пен тәуелсіздік ESG есептілігіне оң әсер етеді.
7	ESG және әлеуметтік аспектілер	Alenezi, Abdi et al., [4]	ESG әлеуметтік жауапкершілікке, адам құқықтарына және жастар арасындағы мәдениетке әсер етеді.
Ескерту – Авторлармен мақалаларды сұрыптау негізінде құрастырылған.			

Зерттеулер нәтижелері ESG стратегияларын енгізудің компанияларға кең ауқымды пайда әкелетінін көрсетеді. ESG талаптарын елемейтін ұйымдар климаттық және экологиялық дағдарыстарға, заңнамалық өзгерістерге және қоғамдық қысымға тап болуы мүмкін. Ал ESG стратегиясын қолданатын ұйымдар тәуекелдерді жақсы басқаруға, тұрақтылықты қамтамасыз етуге және инвесторлар мен тұтынушылар тарапынан сенімді арттыруға мүмкіндік алады.

Қазақстанда ESG қағидаттарын интеграциялау 2006 жылы бастау алып, аталған жылы Қазақстан қор биржасы (KASE) орнықты даму бастамаларына қосылды. Кейіннен бірқатар маңызды стратегиялық құжаттар қабылданды: 2060 жылға дейінгі көміртекті бейтараптық стратегиясы, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы, 2050 жылға дейінгі «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы. Бұл бағдарламалар 2050 жылға қарай ЖІӨ энергия сыйымдылығын 50 %-ға азайтуды, 2030 жылға қарай жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 15 %-ға, ал 2050 жылға қарай 50 %-ға жеткізуді, сондай-ақ тұрмыстық қалдықтардың 40 %-ын қайта өңдеуді көздейді.

Дегенмен, қол жеткізілген прогреске қарамастан, Қазақстан бірқатар күрделі сын-қатерлермен бетпе-бет келуде: қуаңшылықтар мен су тасқындары, су тапшылығы, гендерлік теңсіздік, ESG саласында білікті мамандардың жетіспеушілігі, сондай-ақ бизнес қауымдастығы арасында ESG туралы хабардарлықтың төмендігі. Осындай жағдайда ESG қағидаттарын тиімді енгізу елдің орнықты дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге шешуші мәнге ие. ESG талаптарын енгізу бағытында Қазақстанда бірқатар институционалдық қадамдар жасалуда.

Astana Finance Days 2023 барысында 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қаржы ұйымдары үшін ESG есебін тапсырудың міндетті болатыны жарияланды. АРПФР Жол картасы қаржы секторында ESG қағидаттарын интеграциялауды және климаттық стресс-тесттер енгізуді көздейді. 2024 жылғы мамырда Қарағандыда тау-кен металлургиясы мен агроөнеркәсіп кешеніне ESG енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді. Ал 2024 жылғы қарашада ҚазИСИ мен ҚБТУ ұйымдастырған дөңгелек үстелде негізгі кедергілер (хабардарлықтың төмендігі, қаржыландыру тапшылығы, жасыл технологиялардың жеткіліксіз енгізілуі) және оларды еңсеру жолдары (білім беру бағдарламалары, субсидиялар, халықаралық ұйымдармен серіктестік) талқыланды.

Risk Watch Initiative деректеріне сәйкес, 2024 жылы Қазақстан 183 елдің ішінде ESG көрсеткіштері бойынша 52-орынды иеленіп, ТМД елдерінің ішінде көш бастады [33]. Бұл нәтиже бірнеше тұрғыдан маңызды деп санаймыз. Біріншіден, ол елдің орнықты даму саласында айтарлықтай ілгерілеуін

дәлелдейді. Екіншіден, халықаралық рейтингтерде жоғары орын алу шетелдік инвесторлардың сенімін нығайтып, инвестициялық тартымдылықты арттырады. Үшіншіден, ESG көрсеткіштерінің жақсаруы Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ірі қазақстандық компаниялар да ESG бағытында қадам жасауда. Төмендегі кестеде ірі компаниялардың ESG саласындағы негізгі іс-шаралары мен олардың нәтижелері көрсетілген.

Кесте 6 – Қазақстан компанияларының ESG бастамалары

Компания	ESG бастамалары мен іс-шаралары	Нәтижелері / Әсері
Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI)	БҰҰ орнықты даму мақсат-тарының 14-ін қабылдап, СИБУР-мен серіктестікте шығарындыларды азайту және қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын енгізуде	Халықаралық стандарттарға сәйкестік, экологиялық тәуекелдерді азайту
Jusan Bank	GRI бойынша есеп, GHG Protocol арқылы шыға-рындыларды верификациялау, цифрлық карталар енгізу	Ашықтықтың артуы, инвестор сенімінің күшеюі, 4,9 мың тонна пластик үнемделді
ҚазМұнайГаз	ESG көрсеткіштерін жариялау, CDP жүйесіне қатысу, декарбонизация жобаларын іске асыру	Жаһандық нарықтағы беделін нығайту, «жасыл» экономикаға бейімделу
Қазақстан Даму Банкі	Жасыл облигациялар шығару, жаңартылатын энергия және орнықты көлік жобаларын қаржыландыру	Орнықты қаржы құралдарының дамуы, экологиялық және әлеуметтік жобаларды қолдау
Eurasian Resources Group (ERG)	Жел электр станцияларын салу, әлеуметтік инвестициялар	Жаңартылатын энергия көздерінің дамуы, өңірлерде әлеуметтік жауапкершіліктің артуы
Ескерту авторлармен [34-37] мәліметтер көзі бойынша құрастырылды		

Қазақстандағы әртүрлі ірі компаниялардың ESG саласындағы бастамалары олардың орнықты даму жолындағы ортақ ұмтылыстарын көрсетеді. Дегенмен, осы бастамалардың ішінде Jusan Bank тәжірибесі ерекше назар аударарлық. Себебі банк ESG қағидаттарын тек формалды деңгейде ғана емес, нақты көрсеткіштер мен ашық есептілік арқылы жүзеге асырып отыр. Сондықтан келесі 7-кестеде Jusan Bank-тің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық бағыттағы іс-шараларын толығырақ қарастыру орынды.

Кесте 7 – Jusan Bank ESG интеграциясының нәтижелері

ESG бағыты	Іс-шаралар / Мысалдар	Әсері / Нәтижесі
Environment (Экология)	945,6 мың цифрлық карта → 4,9 мың т пластик үнемделді (2022 ж) 147,5 мың тоннаға жуық қағаз тұтыну қысқартылды	Бұл шаралар экологиялық шығындарды азайтып қана қоймай, «жасыл» инвестициялар үшін тартымдылықты арттырды.
Social (Әлеуметтік)	40 % қызметкерлер – жастар (<30 жас) 69 % қызметкерлер – әйелдер Клиенттердің қанағаттануы – >86 %	HR-брендтің күшеюіне, әлеуметтік тұрақтылықтың артуына және кадрлардың сақталуы мен өнімділігінің жоғарылауына ықпал етті.
Governance (Басқару)	2021 ж. алғашқы орнықты даму есебі жарияланды (100 бет) ESG-тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді Moody's агенттігіне ашық ESG ақпарат берілді	Moody's агенттігіне толық ESG деректерін ашық ұсыну нәтижесінде банктің кредиттік рейтингі болжамы «Тұрақтыдан» «Позитивтіге» өзгертілді. Бұл қадам инвесторлардың сенімін арттырып, халықаралық капитал нарығында қаржы тартуды жеңілдетті.
Ескерту авторлармен [34] мәлімет көзі бойынша құрастырылды		

Жыл сайын экологиялық (Environment), әлеуметтік (Social) және корпоративтік басқару (Governance) стандарттарын ұстанып, орнықты даму жөнінде есеп беретін кәсіпорындар саны артып келеді. Бұл қағидаттар 2015 жылы қабылданған және БҰҰ-ның «Күн тәртібі – 2030» резолюциясында бекітілген Орнықты даму мақсаттарына (ЦУР) қол жеткізудің негізін құрайды.

Алайда орнықты даму саясатын жалғастырудың экономикалық тиімділігі төңірегінде пікірталастар да бар, себебі оның жүзеге асырылуы ірі қаржылық шығындарды талап етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, ЦУР-ды толық іске асыру үшін жыл сайын шамамен 2–3 трлн АҚШ доллары қажет. Соған қарамастан, көпшілік мамандар орнықты дамудан бас тарту мүмкін емес деп санайды, өйткені ол әлемдік өркениеттің ұзақ мерзімді болашағын қамтамасыз ететін жалғыз стратегия ретінде қарастырылады.

Инвесторлар да ESG талаптарын барған сайын қатаң қоя түсуде. Мәселен, ЕҰ компаниясының зерттеуіне сәйкес, институционалды инвесторлардың 98%-ы қаржыландыратын ұйымдарынан экологиялық және әлеуметтік ашықтықты талап етеді. PwC жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша, Қазақстанда да ESG есептілігіне қызығушылық артып келеді: зерттелген 96 кәсіпорынның ішінде KASE-де листингтен өткен ірі ұлттық компаниялар (ҚазМұнайГаз, Қазатомпром, ҚазТрансОйл, KEGOK, Қазахтелеком) ESG ақпаратының қолжетімділігі бойынша көшбасшылар қатарынан көрінді [38].

Сонымен қатар, Қазақстанда орнықты қаржыландыру нарығының көлемі артып келеді: 2021 жылы ол 250 млн АҚШ долларына жетті, оның ішінде 170 млн доллар ESG облигацияларына, ал 62 млн доллар жасыл несиелерге тиесілі болды. Ұлттық көміртегі нарығында 2013 жылдан бері 160 млн тоннадан астам квота сатылды. Энергетика саласында да оң өзгерістер байқалады: жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 2021 жылы 3,3 %-ды құраса, 2030 жылға қарай бұл көрсеткішті 15 %-ға жеткізу жоспарланып отыр [39]. Келесі 8- кестеде Қазақстандағы ESG дамуын тежеп отырған негізгі мәселелер, оларды шешу жолдары және күтілетін әсері көрсетілген.

Кесте 8 – Қазақстандағы ESG дамуының негізгі мәселелері мен шешімдері

Мәселе	Шешім	Әсер
ESG есептілігінің ерікті сипаты	Ірі және орта компаниялар үшін міндетті ету	Ашықтық және инвесторлардың сенімі, корпоративтік басқару сапасының жақсаруы
Көміртегі квоталарының төмен бағасы	Нарықты кеңейту, халықаралық стандарт -тарға сәйкестендіру	Декарбонизацияға ынталандыру, экологиялық жобаларға инвестицияның артуы
ШОБ-тың төмен қатысуы	Жеңілдетілген несиелер, субсидиялар, оқыту курстарын ұсыну	ШОБ-тың ESG-ге бейімделуі, қамту ауқымының өсуі, әлеуметтік және экологиялық әсердің артуы
Қаржы құралдарының шектеулігі	Жасыл, әлеуметтік және өтпелі облигацияларды дамыту	Инвестициялардың тартымдылығы артуы, орнықты қаржы құралдарының дамуы, халықаралық капитал тарту мүмкіндігі
Маман тапшылығы	Курстар және құзыреттілік орталықтары	ESG енгізу сапасының артуы, кәсіби кадрлардың пайда болуы, ұзақмерзімді институционалды тұрақтылық
Ескерту: авторлармен жинақталған мәлімет көздері мен Cohen (2023) еңбегіне сүйене отырып құрастырылды [40]		

8-кестеден көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы ESG дамуы бірқатар

жүйелі қиындықтарға тап болып отыр: есептіліктің еріктілігі, көміртегі нарығының әлсіздігі, ШОБ-тың төмен қатысуы, қаржы құралдарының жеткіліксіздігі мен маман тапшылығы. Бұл мәселелерді шешу үшін заңнамалық реттеуді күшейту, қаржылық ынталандыру тетіктерін дамыту, халықаралық стандарттарға бейімделу және кадрлық әлеуетті арттыру қажет. Ұсынылған шешімдер жүзеге асқан жағдайда ESG қағидаттарының сапалы енгізілуі, инвестициялық тартымдылықтың артуы және елдің орнықты дамуына үлес қосу мүмкіндігі күшейеді.

ЗЕРТТЕУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Зерттеу барысында ESG қағидаттарының дамушы елдердегі компаниялардың қаржылық тұрақтылығы мен стратегиялық дамуына, сондай-ақ беделдік және инвестициялық тартымдылық деңгейіне оң

ықпал ететіні дәлелденді. ESG тәжірибесін енгізу компанияларға тұрақты даму стратегияларын іске асыруға, нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және серіктестері мен инвесторлар сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Жүргізілген жүйелі әдеби шолу ESG есептілігінің корпоративтік басқарудағы, экологиялық тиімділікті жақсартудағы және әлеуметтік жауапкершілікті арттырудағы маңызды рөлін нақты көрсетті. Халықаралық стандарттарға (GRI, SASB) сәйкестікті қамтамасыз ете отырып, компаниялар нарықтағы позициясын күшейтіп, капитал құны мен инвестициялық тәуекелдерін оңтайландырады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дамушы елдерде ESG есептілігінің толық енгізілуіне институционалдық, құқықтық және мәдени кедергілер бар. Сондықтан компанияларға ұсынылатын негізгі ұсыныстар мыналар:

1. ESG қағидаттарын стратегиялық басқару деңгейіне көтеру және корпоративтік мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналдыру;
2. Қаржылық емес ақпараттың ашықтығын арттыру арқылы серіктестермен сенімді байланыс орнату;
3. ESG көрестекіштеріне қатысты халықаралық тәжірибені бейімдеп қолдану;
4. Мемлекеттік реттеуші органдар үшін ESG бойынша нақты талаптар мен ынталандыру құралдарын әзірлеу.

ESG қағидаттарының жүйелі енгізілуі компаниялардың нарықтық күйзелістерге төзімділігін арттырады, инвестициялық тартымдылығын күшейтеді және беделін нығайтады. Бұл ғылыми жұмыс дамушы нарықтар үшін ESG тәжірибесін қалыптастырудағы теориялық және практикалық олқылықтардың орнын толтырып, бизнес үшін де, саясаткерлер үшін де, халықаралық инвесторлар үшін де құнды құралға айналады. Зерттеу нәтижелері қазіргі таңда ESG қағидаттарын енгізудің дамушы елдердегі қаржылық емес ақпараттың рөлін күшейтетінін және компаниялар үшін стратегиялық маңызды бағытқа айналатынын растайды. ESG есептілігінің кеңінен енгізілуі дамушы елдердің жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тұрақты экономикалық өсуге және экологиялық-әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Осылайша, ESG қағидаттарын белсенді енгізу – болашақта бизнес әлемінің негізгі драйверіне айналатынына сенімділік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. A Global Reporting Initiative – GRI <https://www.globalreporting.org/> 02.04.2025.
2. Sustainability Accounting Standards Board – SASB <https://sasb.ifrs.org/> 02.04.2025.
3. Task Force on Climate-related Financial Disclosures – TCFD <https://www.fsb-tcfd.org/> 02.04.2025.
4. Alenezi M., Alanazi F. Integrating environmental social and governance values into higher education curriculum // *International Journal of Evaluation and Research in Education*. – 2024. – V. 13, № 5. – P. 3493-3503.
5. Khamisu M. S., Paluri R. A., Sonwaney V. Environmental social and governance (ESG) disclosure motives for environmentally sensitive industry: an emerging economy perspective // *Cogent Business & Management*. – 2024. – V. 11, № 1. – P. 2322027.
6. MSCI ESG Ratings <https://www.msci.com/data-and-analytics/sustainability-solutions/esg-ratings> 29.12.2023
7. Christensen D. M., Serafeim G., Sikochi A. Why is corporate virtue in the eye of the beholder? The case of ESG ratings // *The Accounting Review*. – 2022. – V. 97, № 1. – P. 147-175.
8. Darnall N. et al. Do ESG reporting guidelines and verifications enhance firms' information disclosure? // *Corporate Social Responsibility and Environmental Management*. – 2022. – V. 29, № 5. – P. 1214-1230.
9. Christensen H. B., Hail L., Leuz C. Economic analysis of widespread adoption of CSR and sustainability reporting standards // Available at SSRN 3315673. – 2018.
10. Arayssi M., Jizi M., Tabaja H. H. The impact of board composition on the level of ESG disclosures in GCC countries // *Sustainability Accounting, Management and Policy Journal*. – 2019. – V. 11, № 1. – P. 137-161.
11. Husted B. W., de Sousa-Filho J. M. Board structure and environmental, social, and governance disclosure in Latin America // *Journal of Business Research*. – 2019. – V. 102. – P. 220-227.

12. Li S., Long H. The impact of media coverage on the ESG performance of heavily polluting enterprises in China // *Discover Sustainability*. – 2024. – V. 5, № 1. – P. 228.
13. Broadstock, D. C., Chan, K., Cheng, L. T., & Wang, X. The role of ESG performance during times of financial crisis: Evidence from COVID-19 in China // *Finance research letters*. – 2021. – V. 38. – P.101716.
14. Исатаева Г. Б., Сейтбекова С. Т., Сейтова В.Н. Влияние прямых иностранных инвестиций на экономический рост Казахстана. // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 4. – С. 133-145.
15. Адамбекова Ж. А., Адамбеков Н. Т., Аманкелді Н. А. Роль компаний и государственных программ в развитии трудовых ресурсов и социальной ответственности // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 4. – С. 110-121.
16. Оразалин Н., Кожахметова А., Абдрашова К. Влияние практик ESG на финансовую устойчивость компаний: опыт развитых и развивающихся стран // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 4. – С. 98-110.
17. Azat S., Dzhumadil'daev A., Kobdikova S. M. Eco-foresight research in shaping country's science development strategy regarding the green economy // *Bulletin of "Turan" University*. – 2024. – № 1. – P. 9-22.
18. Зарубина В. Р., Зарубин М. Ю., Есенкулова Ж. Ж., Притула Р. А. Продвижение ESG-повестки для малого и среднего предпринимательства Республики Казахстан в условиях устойчивого развития // *Вестник университета «Туран»*. – 2024. – № 3. – С. 84-97.
19. Абдуррахман З. А., Нурмагамбетова А. З., Биктеубава А. С. Оценка ESG рейтинга банковского сектора // *Вестник университета «Туран»*. – 2023. – № 1. – С. 172-183.
20. Krueger P., Alves R., van Dijk M. A. Drawing Up the Bill: Are ESG Ratings Related to Stock Returns Around the World? // Available at SSRN 4770546. – 2024.
21. Цодикова Я.Ю., Чеботарев П.Ю. Моделирование общества с ответственной элитой // *Журнал Новой экономической ассоциации*. – 2025. – Т. 66, № 1. – С. 12-35.
22. Choi S. Y., Ryu D., You W. ESG activities and financial stability: The case of Korean financial firms // *Borsa Istanbul Review*. – 2024. – V. 24, № 5. – P. 945-951.
23. Meehan D., Corbet S. Comparing the resilience of socially responsible and SIN investment during the COVID-19 pandemic // *Research in International Business and Finance*. – 2025. – V.73. – P. 1-17.
24. Benlemlih M., Bitar M. Corporate social responsibility and investment efficiency // *Journal of business ethics*. – 2018. – V. 148. – P. 647-671.
25. Lokuwaduge C. S. D. S., Heenetigala K. Integrating environmental, social and governance (ESG) disclosure for a sustainable development: An Australian study // *Business Strategy and the Environment*. – 2017. – V. 26, № 4. – P. 438-450.
26. Bhattacharya A., Bhattacharya S. Integrating ESG pillars for business model innovation in the biopharmaceutical industry // *Australasian Accounting, Business and Finance Journal*. – 2023. – V. 17, № 1. – P.127-150.
27. Alkaraan F., Albitar K., Hussainey K., Venkatesh VG. Corporate transformation toward Industry 4.0 and financial performance: The influence of environmental, social, and governance (ESG) // *Technological Forecasting and Social Change*. – 2022. – V. 175. – P. 121423.
28. Christensen D. M., Serafeim G., Sikochi A. Why is corporate virtue in the eye of the beholder? The case of ESG ratings // *The Accounting Review*. – 2022. – V. 97, № 1. – P. 147-175.
29. Qureshi M. A. et al. The impact of sustainability (environmental, social, and governance) disclosure and board diversity on firm value: The moderating role of industry sensitivity // *Business Strategy and the Environment*. – 2020. – V. 29, № 3. – P. 1199-1214.
30. Arayssi M., Dah M., Jizi M. Women on boards, sustainability reporting and firm performance // *Sustainability Accounting, Management and Policy Journal*. – 2016. – V. 7, № 3. – P. 376-401.
31. Nicolò G. et al. Sustainable corporate governance and non-financial disclosure in Europe: does the gender diversity matter? // *Journal of Applied Accounting Research*. – 2022. – V. 23, № 1. – P. 227-249.
32. Abdi Y., Li X., Càmara-Turull X. Exploring the impact of sustainability (ESG) disclosure on firm value and financial performance (FP) in airline industry: the moderating role of size and age // *Environment, Development and Sustainability*. – 2022. – V. 24, № 4. – P. 5052-5079.

33. Risk Watch Initiative. Kazakhstan ESG Country Ranking 2024 <https://riskwatch-initiative.org> 16.06.2025
34. BES Media. Jusan Bank выдал 934 тысяч цифровых карт вместо 49 тонн пластика. <https://bes.media/news/jusan-bank-vydal-934-tysyach-cifrovyyh-kart-vmesto-49-tonn-plastika-1404/> 16.08.2025
35. ҚазМұнайГаз. Low-carbon development programme. <https://ar2023.kmg.kz/kz/strategic-report/ensuring-sustainable-development/low-carbon-development-programme> 16.08.2025
36. Қазақстан Даму Банкі. Жаңартылатын энергия және орнықты даму жобалары туралы баспасөз хабарламасы. <https://kdb.kz/kz/pc/news/press-releases/14528/> 16.08.2025
37. Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI). Environmental protection and sustainable development initiatives. <https://kpi.kz/kz/activities/sustainable-development/environmental-protection/> 16.08.2025
38. Kuura O. V., Varavina Y. V., Kozlova M. V. ESG Transformation Factors of Kazakhstan's Economy in the Context of Sustainable Development // *Economy: strategy and practice*. – 2024. – V. 19, № 2. – P. 20-40.
39. Sber. ESG Kazakhstan Report. https://sber.pro/bcp-laika-public/ESG_Kazakhstan_A3_65b0d19d82.pdf 16.08.2025
40. Cohen G. ESG risks and corporate survival // *Environment Systems and Decisions*. – 2023. – V. 43, № 1. – P. 16-21.

REFERENCES

1. Global Reporting Initiative – GRI. (n.d.). Global Reporting. Retrieved April 2, 2025, from <https://www.globalreporting.org/>
2. Sustainability Accounting Standards Board – SASB. (n.d.). IFRS Foundation. Retrieved April 2, 2025, from <https://sasb.ifrs.org/>
3. Task Force on Climate-related Financial Disclosures – TCFD. (n.d.). TCFD. Retrieved April 2, 2025, from <https://www.fsb-tcfid.org/>
4. Alenezi, M., & Alanazi, F. (2024). Integrating environmental social and governance values into higher education curriculum. *International Journal of Evaluation and Research in Education*, 13(5), 3493–3503.
5. Khamisu, M. S., Paluri, R. A., & Sonwaney, V. (2024). Environmental social and governance (ESG) disclosure motives for environmentally sensitive industry: an emerging economy perspective. *Cogent Business & Management*, 11(1), 2322027.
6. MSCI ESG Ratings. (n.d.). MSCI. Retrieved April 2, 2025, from <https://www.msci.com/web/msci/esg-ratings>
7. Christensen D. M., Serafeim G., Sikochi A. Why is corporate virtue in the eye of the beholder? The case of ESG ratings // *The Accounting Review*. – 2022. – T. 97. – №. 1. – C. 147-175
8. Darnall, N., Seol, I., & Sarkis, J. (2022). Do ESG reporting guidelines and verifications enhance firms' information disclosure? *Corporate Social Responsibility and Environmental Management*, 29(5), 1214–1230.
9. Christensen, H. B., Hail, L., & Leuz, C. (2018). Economic analysis of widespread adoption of CSR and sustainability reporting standards. Available at SSRN 3315673.
10. Arayssi, M., Jizi, M., & Tabaja, H. H. (2019). The impact of board composition on the level of ESG disclosures in GCC countries. *Sustainability Accounting, Management and Policy Journal*, 11(1), 137–161.
11. Husted, B. W., & de Sousa-Filho, J. M. (2019). Board structure and environmental, social, and governance disclosure in Latin America. *Journal of Business Research*, 102, 220–227.
12. Li, S., & Long, H. (2024). The impact of media coverage on the ESG performance of heavily polluting enterprises in China. *Discover Sustainability*, 5(1), 228.
13. Broadstock, D. C., Chan, K., Cheng, L. T. W., & Wang, X. (2020). The role of ESG performance during times of financial crisis: Evidence from COVID-19 in China. Electronic resource.
14. Isataeva G. B., Seitbekova S. T., Seitova V. N. The impact of foreign direct investment on the economic growth of Kazakhstan // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 4. – P. 133-145.
15. Adambekova Zh. A., Adambekov N. T., Amankeldi N. A. The role of companies and government programs in the development of labor resources and social responsibility // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 4. – P. 110-121.

16. Orazalin N., Kozhakhmetova A., Abdrashova K. The effects of ESG practices on corporate financial sustainability: evidence from developed and developing countries // *Central Asian Economic Review*. – 2024. – № 4. – P. 98-110.
17. Azat S., Dzhumadil'daev A., Kobdikova S. M. Eco-foresight research in shaping country's science development strategy regarding the green economy // *Bulletin of Turan University*. – 2024. – № 1. – P. 9-22.
18. Zarubina V. R., Zarubin M. Yu., Esenkulova Zh. Zh., Pritula R. A. Promoting the ESG agenda for small and medium-sized enterprises of the Republic of Kazakhstan in the context of sustainable development // *Bulletin of Turan University*. – 2024. – № 3. – P. 84-97.
19. Abdurrahman Z. A., Nurmagambetova A. Z., Bikteubava A. S. Assessment of the ESG rating of the banking sector // *Bulletin of Turan University*. – 2023. – № 1. – P. 172-183.
20. Krueger, P., Alves, R., & van Dijk, M. A. (2024). Drawing up the bill: Are ESG ratings related to stock returns around the world? Available at SSRN 4770546.
21. Tsodikova, Ya. Yu., & Chebotarev, P. Yu. (2025). Zhauapty elitasy bar qoǵamdy modeldey. Zhaña ekonómikalyq qaýymdastyq jurnaly, 1(66), 12–35.
22. PubMed [Electronic resource] // U.S. National Library of Medicine [web-site]. – URL: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/> (accessed: 02.04.2025).
23. Choi, S. Y., Ryu, D., & You, W. (2024). ESG activities and financial stability: The case of Korean financial firms. *Borsa Istanbul Review*, 24(5), 945–951.
24. Meehan, D., & Corbet, S. (2025). Comparing the resilience of socially responsible and SIN investment during the COVID-19 pandemic. *Research in International Business and Finance*, 73, 102537.
25. Benlemlih, M., & Bitar, M. (2018). Corporate social responsibility and investment efficiency. *Journal of Business Ethics*, 148, 647–671.
26. Lokuwaduge, C. S. D. S., & Heenetigala, K. (2017). Integrating environmental, social and governance (ESG) disclosure for a sustainable development: An Australian study. *Business Strategy and the Environment*, 26(4), 438–450.
27. Bhattacharya, A., & Bhattacharya, S. (2023). Integrating ESG pillars for business model innovation in the biopharmaceutical industry. *Australasian Accounting, Business and Finance Journal*, 17(1).
28. Alkaraan, F., Ibrahim, N., Almutairi, A. R., & Al-Tahat, M. D. (2022). Corporate transformation toward Industry 4.0 and financial performance: The influence of environmental, social, and governance (ESG). *Technological Forecasting and Social Change*, 175, 121423.
29. Christensen, D. M., Serafeim, G., & Sikochi, A. (2022). Why is corporate virtue in the eye of the beholder? The case of ESG ratings. *The Accounting Review*, 97(1), 147–175.
30. Qureshi, M. A., Kirkerud, S., Theresa, D., & Ahsan, T. (2020). The impact of sustainability (environmental, social, and governance) disclosure and board diversity on firm value: The moderating role of industry sensitivity. *Business Strategy and the Environment*, 29(3), 1199–1214.
31. Arayssi, M., Dah, M., & Jizi, M. (2016). Women on boards, sustainability reporting and firm performance. *Sustainability Accounting, Management and Policy Journal*, 7(3), 376–401.
32. Nicolò, G., Ferraris, A., & Cillo, V. (2022). Sustainable corporate governance and non-financial disclosure in Europe: Does the gender diversity matter? *Journal of Applied Accounting Research*, 23(1), 227–249.
33. Abdi, Y., Li, X., & Càmara-Turull, X. (2022). Exploring the impact of sustainability (ESG) disclosure on firm value and financial performance (FP) in airline industry: the moderating role of size and age. *Environment, Development and Sustainability*, 24(4), 5052–5079.
34. BES Media. Jusan Bank issued 934 thousand digital cards instead of 49 tons of plastic. <https://bes.media/news/jusan-bank-vydal-934-tysyach-cifrovyyh-kart-vmesto-49-tonn-plastika-1404/> 16.08.2025
35. KazMunayGas. Low-carbon development programme. <https://ar2023.kmg.kz/kz/strategic-report/ensuring-sustainable-development/low-carbon-development-programme> 16.08.2025
36. Development Bank of Kazakhstan. Press release on renewable energy and sustainable development projects. <https://kdb.kz/kz/pc/news/press-releases/14528/> 16.08.2025
37. Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI). Environmental protection and sustainable development

initiatives. <https://kpi.kz/kz/activities/sustainable-development/environmental-protection/> 16.08.2025

38. Kuura O. V., Varavina Y. V., Kozlova M. V. ESG Transformation Factors of Kazakhstan's Economy in the Context of Sustainable Development. *Economy: Strategy and Practice*. – 2024. – Vol. 19, № 2. – P. 20–40.

39. Sber. ESG Kazakhstan Report. https://sber.pro/bcp-laika-public/ESG_Kazakhstan_A3_65b0d19d82.pdf 16.08.2025

40. Cohen G. ESG risks and corporate survival // *Environment Systems and Decisions*. – 2023. – V. 43, № 1. – P. 16-21.

INTERNATIONAL APPROACHES TO NON-FINANCIAL REPORTING AND ESG PRACTICES: BIBLIOMETRIC AND CONTENT ANALYSIS

K. O. Mazbayeva^{1*}, M. R. Aripova¹, Zh. G. Tokbergenova²

¹ University of International Business named after Kenzhegali Sagadiev, Almaty, Kazakhstan

ABSTRACT

Research Objective. The purpose of this study is to analyze the experience of implementing ESG principles in developing countries and to examine the role of non-financial information in corporate reporting and its impact on investment attractiveness. ESG principles allow assessing not only the economic efficiency of companies but also their contribution to social responsibility and environmental safety. Nowadays, ESG requirements have become an important tool for ensuring transparency in accordance with international standards and for achieving the goals of sustainable development. Therefore, this research focuses on the disclosure of non-financial information by Kazakhstani public organizations.

Research Methodology. The study is based on content and comparative analysis. Bibliometric methods were applied within the content analysis, and the VOSviewer software was used to visualize relationships between keywords, authors, and publications. This made it possible to identify trends in publication activity, distinguish thematic clusters, and highlight authors contributing to the study of ESG practices and non-financial reporting in the context of developing countries. In addition, the non-financial reports of Kazakhstan Petrochemical Industries, Jusan Bank, KazMunayGas, Development Bank of Kazakhstan, and Eurasian Resources Group were analyzed.

Originality/Value of the Study. The scientific base has been enriched by a comprehensive assessment of the impact of ESG principles on the financial stability, investment attractiveness, and reputation of companies in developing countries. The study also contributes to the systematization of scientific publications by clusters and encourages the management of Kazakhstani organizations to pay greater attention to compliance with ESG requirements in their corporate reports.

Research Findings. The study found that the introduction of ESG principles enhances companies' long-term competitiveness, facilitates international cooperation, and reduces reputational risks. The results emphasize the importance of non-financial information for the socio-economic development of developing countries and can serve as a foundation for designing effective corporate strategies.

Keywords: ESG, non-financial reporting, sustainable development, investment attractiveness, corporate governance.

МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПОДХОДЫ К НЕФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ И ESG-ПРАКТИКАМ: БИБЛИОМЕТРИЧЕСКИЙ И СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

К. О. Мазбаева^{1*}, М. Р. Арипова¹, Ж. Г. Токбергенова²

¹ Университет международного бизнеса имени Кенжеғали Сағадиева, Алматы, Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования. Целью данного исследования является анализ практики внедрения принципов ESG в развивающихся странах, а также изучение роли нефинансовой информации в корпоративной отчетности и её влияния на инвестиционную привлекательность. Принципы ESG позволяют оценить не только экономическую эффективность компаний, но и их вклад в социальную ответственность перед обществом и экологическую безопасность. В современных условиях требования ESG становятся важным инструментом для обеспечения прозрачности в соответствии с международными стандартами и достижения целей устойчивого развития. В связи с этим исследование направлено на анализ представления нефинансовой информации в отчетности казахстанских публичных организаций.

Методология исследования. Исследование основано на содержательном и сравнительном анализе. В рамках контент-анализа применялись библиометрические методы, а также программа VOSviewer для визуализации связей между ключевыми словами, авторами и изданиями. Это позволило выявить тенденции публикационной активности, выделить тематические кластеры и определить авторов, внесших вклад в изучение ESG-практик и нефинансовой отчетности в контексте развивающихся стран. Кроме того, были проанализированы нефинансовые отчеты таких компаний, как Kazakhstan Petrochemical Industries, Jusan Bank, КазМунайГаз, Банк развития Казахстана и Eurasian Resources Group.

Уникальность/ценность исследования. Научная база дополнена комплексной оценкой влияния принципов ESG на финансовую устойчивость, инвестиционную привлекательность и репутацию компаний развивающихся стран. Исследование также вносит вклад в систематизацию научных публикаций по кластерам и побуждает руководство казахстанских организаций уделять больше внимания соблюдению требований ESG в своих корпоративных отчетах.

Результаты исследования. Установлено, что внедрение принципов ESG способствует повышению долгосрочной конкурентоспособности компаний, развитию международного сотрудничества и снижению репутационных рисков. Полученные результаты подчеркивают значимость нефинансовой информации для социально-экономического развития развивающихся стран и могут служить основой для разработки эффективных корпоративных стратегий.

Ключевые слова: ESG, нефинансовая отчетность, устойчивое развитие, инвестиционная привлекательность, корпоративное управление.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Мазбаева Куралай Оразбековна – PhD, доцент, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, email: kuralaimazbaeva7@gmail.com, ORCID 0000-0002-9723-0992*.

Арипова Малика Разимовна – «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бакалавриат студенті, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: malikaaripova310@gmail.com.

Токбергенова Жания Ганиқызы – «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бакалавриат студенті, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: jania.tokbergenova05@gmail.com.